

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Сөз және ақпарат бостандық

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.10.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/144013/

«Журналистиканың құқықтық негіздері» (Ата Заңмен байланыстыра отырып, нақты мысалмен талдау).

1. Сөз және ақпарат бостандығы: Қазақстан Конституциясында сөз және ақпарат бостандығы құқығына кепілдік берілген. Конституцияның 20-бабында « әркімнің ақпаратты кез келген заңды түрде іздеу, алу, беру, өндіру және тарату еркіндігіне құқығы бар.»Бұған журналистика мен бұқаралық ақпарат құралдарына құқық кіреді.

2. Шектеулер: сөз бостандығы танылғанымен, ол мемлекеттің мүдделерін, қоғамдық қауіпсіздікті, денсаулық пен моральды, басқалардың құқықтары мен беделін қорғау және мазмұны заңсыз деп танылған ақпараттың таралуын болдырмау үшін заңға сәйкес шектелуі мүмкін екенін ескеру маңызды.

3. Цензура және қудалау: Қазақстан Конституциясы цензура мен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне араласуға тыйым салады. 20-бап сонымен қатар журналистерге қысым жасауға немесе олардың қызметін шектеуге тыйым салынғанын атап көрсетеді.

4. Қоғам мүддесі үшін жұмыс: Конституция бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам мүддесі, ұлттық қауіпсіздік және елдің экономикалық әл-ауқаты үшін жұмыс істеуінің маңыздылығын көрсетеді.

5. Заңнама: Конституциядан басқа, журналистиканы реттейтін қосымша ережелер мен ережелер тиісті заңнамада және заңға тәуелді актілерде белгіленуі мүмкін. Мысалы, Қазақстанда журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін реттейтін «бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңы бар.

Ата Заңда цензура жайлы былай делінеді.

20-бап

1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.

2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

Жалпы сөз бостандығы қазақстанда ата-заңымыз бойынша цензураға тиым салынады, бірақ журналистерге келтірілетін цензуралар көз бен көргені бар көрмей жабылып кеткені бар.

Қарап тұрсан бұл заңдар адамдардыңда құқығына байланысты.

Мысалға келтірсем мектепте болған оқиғаны айтуға болады, Ақтау қаласында болған оқиға

11-сынып оқушысымен болған оқиға бұл ақпарат инстаграм желісіңде партал бар “ZTB_KZ” паракшасында жарияланған, оқушы қыз мектепке комиссия келе жатқаны жайлы айтып содан мектеп әжетханаларына.

Әжетхана қағаздары қойылғаны жайлы және әжетхана сұйық сабындары қойылғаны жайлы, бірақ бұл дүниелер комиссия келеді деген соң қойылғаны туралы тикток желісіне видео жариялайды. Бұл видео көп қаралым жинап оның ішінде мектеп басшылары көріп ол қызға тікелей қысым жасайды. Ол қызды мектеп аралық жарыстардан шектеп ата-анасына айыпұл жазамыз дегендей қорқытып видеоны өшіруді талап етеді қыз тікелей осы көрсетілген қысымдарды интернет желісіңе салады. Мектеп жасыннан көрсетіліп жатқан цензуралар адам санасына тек өтірікті айтуға үндемейме мектептен болып жатыр, ең жаман қорқынышты оқиғалар осы жерден болыпта көріпте жүрміз. Мектепте болып білмей қалып жатқан оқиға көп осының бәрі оқушыларға цензура жасалып жатқандықтан деуге де болады. Менің көз қарасыммен қыздың шыңдықты айтып бейне ролик түсіріп салуы, тек журналистерге немесе блогерлерге қатысты дүние емес кез келген адам өз ойын шындық болса шындығын айтуға тиіс!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.